

**«Парасат» Қазақстандық медициналық Біліктілікті арттыру институты»  
оқу-ғылыми-өндірістік кешені» Мекемесі**

**Карп Л.Л., Потапчук Т.Б., Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А., Садиева Г.Д.**

# **МЕДИЦИНАЛЫҚ СТАТИСТИКА НЕГІЗДЕРІ**

**Оқу құралы**

**Астана 2014 ж.**

**УДК 614.2:311 (075.8)**

**ББК 51.1:60.6 я 73**

**М39**

**РЕЦЕНЗЕНТЫ:**

**В. Р. Чудиновских** - зав.кафедрой информатики и математики АО МУА,  
доцент

**Р. З. Магзумова**– доцент кафедры общественного здравоохранения №2 АО  
МУА, кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор

**Медициналық статистика негіздері:** учебное пособие / Карп Л.Л.,  
Потапчук Т.Б., Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А., Садиева Г.Д. – г.Астана.-  
2014. 58с.

**ISBN 978-601-278-773-3**

В учебном пособии освещены основные разделы медицинской статистики.

Учебное пособие предназначено для среднего медицинского персонала системы здравоохранения, а также курсантов, повышающих свою квалификацию по специальности общественное здравоохранение.

**УДК 614.2:311 (075.8)**

**ББК 51.1:60.6 я 73**

Утверждено и разрешено к печати на заседании ученого совета УНПК «КМИ  
ПК «Парасат» протокол заседания № 1 от 07.10.2014 г.

**ISBN 978-601-278-773-3**

© Карп Л.Л., Потапчук Т.Б.,  
Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А.,  
Садиева Г.Д., 2014

© Учреждение УНПК «Казахстанский  
медицинский институт повышения  
квалификации «Парасат», 2014

## МАЗМҰНЫ:

Статистикаға кіріспе. Статистика пәні мен әдісі .....	3
Абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер.....	5
Статистикалық зерттеулердің ұйымдастыруы мен этаптары .....	8
Статистикалық деректердің графикалық кескіні.....	12
Вариациялық қатар және оның элементтері.....	14
Динамикалыққатар. Динамикалыққатарды құру .....	19
Стандартизация әдісі.....	24
Корреляция әдісі.....	28
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	32

## МЕДИЦИНАЛЫҚ СТАТИСТИКА НЕГІЗДЕРІ

**Статистикаға кіріспе: статистика пәні мен әдісі.** Статистика сөзі латын тілінен шыққан: status – “жағдай”, мемлекеттің саяси жағдайын көрсеткен. Ғылымға статистика терминін 1746 жылы Готфрид Ахенваль еңгізген. Ол Германияда Мемлекеттану курсы бойынша сабақ берген және оның атауын "СТАТИСТИКА" деп өзгерткен.

Қазіргі уақытта аталған термин 4 мағынада қолданылады:

- Көптеген қоғамдық құбылыстар мен үрдістердің сандық және сапалық жақтарын зерттейтін, заңдылықтардың сандық көрсеткіштерінің нақты орын мен уақытта дамуын қарастыратынғылым. ЖОО-дағы оқу пәні болып табылады;
- Ауқымды қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді сипаттайтын сандар;
- Қоғамдық өмірде болатын әр түрлі құбылыстар және үрдістерді сараптап, сандық мәліметтерін жинайтын сала болып табылады;
- Бақылау нәтижелері бойынша есептелетін және математикалық статистикадағы әр түрлі болжамдарды тексеру үшін қолданылатын кездейсоқ көлемдердің параметрлері.

Статистика пәнін зерттеу үшін қолданатын тәсілдердің жиынтығы статистика әдісін құрайды. **Статистикалық әдістердің 3 тобын бөліп қарастыруға болады:**

- Статистикалық бақылау – ол зерттелетін құбылыс туралы барлық заттық фактілер және оларды ғылыми тұрғыда ұйымдастырып тіркеудің жиынтығы;
- Ақпарат жинау және топтастыру– жиналған статистикалық мәліметтерді жүйелеу және жіктеу;
- Статистикалық сараптама– зерттелетін құбылысты сипаттауға, оның қозғалысын, құрылысын, басқа құбылыстармен қатынасын, заңдылықтарын анықтауға, болашаққа болжам жасауға мүмкіндік беретін статистикалық көрсеткіштердің есебі.

Әдістерден басқа, статистика 5 категорияларды (ұғымдарды) қолданады:

**Статистикалық жиынтық** – зерттеуге қажет ауқымды қоғамдық құбылыстар;

**Статистикалық жиынтықтың бірлігі** – зерттелетін сапаның негізі болып табылатын статистикалық жиынтықтың құрамдас бөлігі;

**Статистикалық жиынтықтың сапасының бірлігі** – өлшем әдістері және басқа да ерекшеліктерімен ажыратылатын жиынтықтық бірліктің қасиеті;

**Статистикалық көрсеткіш** – зерттелетін құбылыстың сандық жақтарын сипаттайтын статистикалық мән;

**Статистикалық көрсеткіштер жүйесі** – құбылыстар арасында кездесетін, қарым- қатынастарды бейнелейтін статистикалық көрсеткіштер жиынтығы.

Медициналық (санитарлық) статистика – құбылыстар мен үрдістердің сандық жағын сипаттайтын және олардың медицинамен, гигиенамен және денсаулық сақтаумен байланыстылығын оқытады.

### **Медициналық статистиканы 3 бөлімге бөліп қарастырады:**

1. Халық денсаулығының статистикасы – жалпы халықтың немесе оның жекелей топтарының денсаулығын жағдайын зерттейді (халықтың саны мен құрамы жайлы статистикалық анализдерді жинау, табиғи қозғалыс жайлы, физикалық даму, әр түрлі аурулардың таралуы, өмір ұзақтығы және т.б. мәліметтерді жинау арқылы). Денсаулық көрсеткіштерін бағалау үшін жалпыға белгіленген бағалау деңгейлерін, әр түрлі аймақтардағы динамикамен салыстырады.

2. Денсаулық сақтау статистикасы – денсаулық сақтау мекемелері жүйесі туралы ақпараттарды жинақтау, өңдеу және сараптау (оларды орналастыру, жарықтандыру, қызметі) және кадрлар (дәрігерлердің жалпы санын, орта және кіші буынды медициналық қызметкерлерді мамандықтар бойынша бөлу, жұмыс өтімі, қайта даярлау және т.б.) сұрақтарын шешеді. Емдеу – профилактикалық мекемелерінің қызметін бағалау сараптамасынан алынған мәліметтерді нормативтік деңгейлермен, басқа аймақтардағы динамикамен салыстырады.

3. Клиникалық статистика –клиникалық, экспериментальды және зертханалық зерттеулердің нәтижесін өндеуде статистикалық әдістерді қолдану; сандық жағынан нәтижелердің шынайлығын бағалау және басқа есептерді шешу (таңдамалы зерттеулерде қажетті зерттеулер санын анықтау, экспериментальды және бақылау топтарын қалыптастыру, корреляция және регрессиялық байланыстарды есептеу және т.б.)

### **Медициналық статистиканың міндеттері болып саналады:**

1) халықтың денсаулық жағдайын зерттеу, қоғамдық денсаулықты сандық жағынан сараптау;

2) денсаулық көрсеткіштері мен табиғат және қоршаған ортаның әр түрлі факторлары арасында байланыстарды анықтау, халық денсаулығының әр түрлі деңгейлеріне факторлардың ықпалына баға беру;

3) денсаулық сақтаудың материалды – техникалық базасын зерттеу;

4) емдеу-профилактикалық мекемелердің қызметін сараптау;

5) емдеу, профилактикалық, эпидемияға қарсы іс-шаралар және жалпы денсаулық сақтаудың тиімділігін бағалау бағалау (медициналық, әлеуметтік, экономикалық);

б) клиникалық және экспериментальды медико-биологиялық зерттеулерде статистикалық әдістерді қолдану.

Медицинада **статистика** – бастаушы әдіс, сол себепті:

1) халықтың денсаулық көрсеткіштерін сандық бағалау және медициналық ұйымдардың қызметтік көрсеткіштерін бағалайды

2) халық денсаулығына әр түрлі факторлардың ықпалын анықтайды

3) емдік және сауықтыру іс-шараларының тиімділігін зерттейді

4) денсаулық көрсеткіштерінің динамикасын бағалайды және оларға болжам жасай алады

5) денсаулық сақтау нормативтерді өңдеу үшін қажетті ақпараттарды алуға көмек береді.

**Статистикалық көрсеткіш** – статистикалық жиынтықтарды сандық бағалап, зерттелетін құбылысты сандық айқындайды.

Статистикалық көрсеткіштерді келесі түрге байланысты жіктеуге болады:

- абсолютті;
- салыстырмалы;
- орта

**Абсолютті** статистикалық көрсеткіштер- белгілі бір өлшемі мен өлшеу бірліктері барсанын көрсетеді, мысалы, халықтың санын, төсек орындар, дәрігерлер, туғандар, өлгендер санын көрсетеді.

**Салыстырмалы** статистикалық көрсеткіштер құбылыстар арасында сандық қатынастарды көрсетеді. Халық денсаулығының анализі үшін және денсаулық сақтау жүйесінің қызметін бағалау үшін келесі салыстырмалы көрсеткішті топтарды бөледі:

- интенсивті көрсеткіштер
- экстенсивті көрсеткіштер
- ара-қатынас көрсеткіштері
- көрнекілік көрсеткіштері

А) интенсивті – жиілік, интенсивтілік көрсеткіші, қоршаған ортада құбыстардың таралуы, аталған құбылысты көбейтетін көрсеткіштер.

Денсаулық сақтауда аурушаңдылық, өлім-жітімділік, мүгедектік, туушылық және халық денсаулығының басқа да көрсеткіштері қарастырылады. Процесстер өтетін орта, ол бүтіндей бір халық немесе оның жекелей бір топтары (жастық, жыныстық, әлеуметтік, кәсіби және т.б. топтары). Медико-статистикалық зерттеулерде құбылыс қоршаған ортаның өнімі болып келеді. Мысалы, халық (орта) және ауырғандар (құбылыс); науқастар (орта) және өлгендер (құбылыс) және т.б.

<b>Интенсивті көрсеткіш = құбылыстың абсолютті өлшемі * негізі / ортаның абсолютті мөлшері</b>
--

Негізделудің мөлшерлемесі, сәйкесінше көрсеткіштердің мөлшерлігінің ара-қатынасымен таңдалады – 100,1000,10000,1000000 осыған байланысты проценттерде, промилле, продецимилле, просантимиллемен бағаланады.

Интенсивті көрсеткіштер мынадай бола алады:

1. Жалпы – құбылысты толығымен сипаттайды (туушылық көрсеткіштері, өлім-жітімділік, аурушандылықтың жалпы көрсеткіштері барлық административті территорияға бөлініп есептеледі)

2. Арнайы (топтық) – әр түрлі топтарда құбылыстардың жиілігін бағалауда қолданылады (жынысы, жасы бойынша аурушандық, 1 жасқа толмай қайтыс болған балалар, жеке нозологиялық формалар бойынша летальдылық)

Б) экстенсивті– шынайы үлес салмақ көрсеткіші, құрылым, құрылымдық бөліктерге құбылыстардың таралуы жиілігі, оның ішкі құрылымын сипаттайды.. Экстенсивті көрсеткіштер құбылыстың бір бөлігінің бүтіндей құбылысқа қатынасымен есептеледі, проценттерде және бірлік үлестерімен бағаланады. Экстенсивті көрсеткіштер құбылыстың құрылымын және оның жекелей топтарын салыстырмалы бағалайды. Экстенсивті көрсеткіштер әрқашан бір-бірімен байланысты, оның соммасы 100 пайызға тең: аурушандылықтың құрылымын зерттеуде, жеке аурудың шынайлық мөлшері артуы мүмкін:

- аурулардың саны шынайы өскенде

- басқа аурулардың саны азайғанда немесе сол деңгейде болғанда

- аталған аурудың саны азайғанда егер аурулардың санының азаюы тез қарқын алғанда. Дәрігер жұмысында қолдану мысалдары: жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, нозологиясы бойынша құрылымы, өлім себептерінің құрылымы.

**Экстенсивті көрсеткіш= құбылыстың абсолютті мөлшер бөлігі\* 100/  
толық құбылыстың абсолютті мөлшері**

В) ара-қатынас көрсеткіші- екі жеке-дара, бір-бірінен тәуелсіз, сапалық әр түрлі мөлшерлердің қатынасы, бір-бірімен тек қана логикалық байланыста бола алады. Дәрігер жұмысында қолдану мысалдары: дәрігерлермен халықтың қамтамасыз етілуі, төсек орынмен қамтамасыз етілуі, 1 дәрігердің лабораториялық зерттеулермен айналысуын көрсетеді.

**Ара-қатынас көрсеткіші = құбылыстың абсолютті мөлшері \* негізі  
аталған құбылысты продуцирлемейтін қоршаған ортаның абсолютті  
мөлшері**

Г) көрнекілік – статистикалық мөлшерлерді толығымен және түсінікті салыстыру үшін қолданады. Көрнекілік көрсеткіштері абсолютті, салыстырмалы және орташа көрсеткіштердің жеңіл формаға айналуын көрсетеді. Осы көрсеткіштерді есептегенде салыстырылып жатқан аумақтың бірі 100ге (немесе1-ге) теңеседі, ал қалған аумақтар осы санға сәйкес

есептеледі. Көрнекіліктің көрсеткіштері салыстыру аумағының неше пайызға немесе неше рет жоғарлауын(артуын) немесе төмендеуін(кемуін) нұсқайды. Көрнекілік көрсеткіштері көбінесе зерттелетін жайттың заңдылықтарды көрнекі формада ұсыну үшін,серпінділік(динамика) деректерін салыстыру үшін қолданылады

**Көрнекілік көрсеткіші = құбылыс\*100/ салыстырмалы қатардағы осындай құбылыстар 100-дікке қабылданған.**

*Салыстырмалы өлшемді қолданғанда кейбір қателіктер кетуі мүмкін:*

1. Кейде құбылыстың қарқындылығын емес, құрылымын сипаттайтын экстенсивті көрсеткіштер негізінде құбылыс жиілігінің өзгеруін бағалайды.
2. Әртүрлі сандылыққа ие, жиынтықтан есептелген статистикалық көрсеткіштерді біріктіруге немесе айыруға болмайды, немесе ол көрсеткіштің дәрежі бұзылыстарына алып келеді.
3. Арнайы көрсеткіштерді есептегенде, көрсеткішті есептеу үшін белгіні (знаменатель) дұрыс таңдау керек. Мысалы: операциядан кейінгі өлім көрсеткішін есептеуде барлық ауруларға емес, операция болған науқастарға есептеу қажет.
4. Көрсеткіштер анализінде уақыт факторын есепке алу керек: әртүрлі уақыт аралығында есептелген көрсеткіштерді өзара салыстыруға болмайды, ол қате талқылау.
5. Құрамы бойынша біртекті емес жиынтықтардан алынған жалпы қарқынды көрсеткіштерді өзара салыстыруға болмайды, себебі орта құрамының біртекті емес болуы қарқындылық көрсеткіші аумағына әсер етуі мүмкін.

### **Статистикалық зерттеулердің ұйымдастыруы мен этаптары.**

Ұйымдастыру үрдісі және медико-әлеуметтік зерттеулерді жүргізу 4 этаптан (кезеңнен) тұрады:

1. жоспар құру және зерттеу бағдарламасы. Зерттеу дизайнын құрастыру.
2. ақпарат жинақтау және мәліметтер базасының құрылуы.
3. Мәліметтерді өңдеу, сараптама жасау және визуальді бағалау.
4. Алынған мәліметтерді сараптау (тәуелді және орташа ауқымын және олардың графикалық кескінін есептеу, басқару шешімдерін өңдеу, оларды тәжірибеге енгізу және тиімділігін бағалау.

❖ **1 Этап-** зерттеу дизайнын құрастыру. Бұл этапта зерттеудің бағдарламасы мен жұмыс жоспары құралады.

Кезектік тізбектер қатарынан тұрады:



1. Зерттеудің мақсатын анықтау, бұл кезде 2 маңызды шарт есепке алыну керек:

- а) медициналық ғылымға және тәжірибеге қажеттілік және маңыздылық.
- б) максималды дәлдік пен туралық.

2. Бақылау бірлігін және зерттеу объектісін орнату. Бақылау бірлігі-бұл зерттелінетін болмыстың жеке элементі, ол зерттеу мақсатына сәйкес болуы тиіс. Зерттеу объектісі бұл бақылау бірлігінің жиынтығы.

3. Зерттеу бағдарламасын құру. Зерттеу бағдарламасы- бұл зерттелетін белгілердің жиынтығы, ол бақылау бірлігін сипаттайды. Зерттеу бағдарламасын құрғанда келесі ережелерге сүйенген дұрыс:

- а) бірде-бір белгіні көзден таса қалдырмау керек.
- б) бағдарламаға артық, екіншілікті белгілермен кедергі жасамау.

4. Статистикалық кесте макеттерін құру. Статистикалық кесте-статистикалық мәліметтерді жинақтаудың ең ыңғайлы түрі. Кестеде оның мазмұнын білдіретін нақты және қысқаша мазмұндама болуы керек.

Әрбір кестеде екі құрамдас бөлігі болады:

а) статистикалық бастауыш- ол кестеде айтылатын объект және бақылау құралы.

б) статистикалық баяндауыш- ол бастауышта айтылған нәрсе, яғни ол бақылау бірлігін сипаттайтын тіркемелік белгілер қатары.

5. Бақылау көлемін анықтау: Зерттеу объектісінің ауқым деңгейіне байланысты 2 бақылау түрін ажыратады:

- а) жалпы
- б) таңдамалы

6. Уақытқа байланысты бақылау түрін анықтау. Мерзімімен өткізу уақытына байланысты статистикалық зерттеудің 2 түрі бар:

- а) біруақытты (статистикалық);
- б) күнделікті (динамикалық);

7. Зерттеу жүргізу мерзімі мен орнын анықтауды қажетті орындаушылар санын, материалды шығындарды қарастыратын ұйымдастырушылық бақылау жоспарын құру.

Статистикалық зерттеудің **бірінші этапында** кесте макетін құрады. Кестелер келесі түрде болады: қарапайым және күрделі. Күрделі кестелер өз кезегінде топтық және комбинациялық түрлерге бөлінеді.

Қарапайым кесте бастауыштың сандық орналасуын тек бір белгі бойынша ғана береді, яғни бір статистикалық бастауыштан және бір статистикалық баяндауыштан тұрады.

*Қарапайым кесте макеті*

Балаларды денсаулық топтары бойынша бөлу

Денсаулық тобы	Үлес салмағы %
I	
II	
III	
IV	
V	
<b>Қорытынды</b>	

Топтық кесте- онда бір статистикалық бастауыш жіне бірнеше өзара байланысы жоқ баяндауыштан тұрады.

*Топтық кесте макеті.*

Балаларды денсаулық тобы, жасы, жынысы бойынша топтастыру .

Денсаулық тобы	Жынысы		Жасы			
	Ер	Әйел	0-3	4-6	7-10	11-17
I						
II						
III						
IV						
V						
<b>Қорыт.</b>						

Комбинирленген кесте- ең аяқталған кесте болып саналады, онда статистикалық бастауыштың өзара байланысқан белгілері бар бірнеше статистикалық баяндауыштан тұрады.

*Комбинирленген кесте макеті*

Балаларды денсаулық тобына, жасына, жынысына қарай топтастыру

Денсаулық тобы	жасы											
	0-3			4-6			7-10			11-17		
	жынысы											
	Е	ә	барл.	е	ә	барл.	е	ә	барл.	е	ә	барл.
I												
II												
III												
IV												
V												
<b>қорытынды</b>												

❖ Статистикалық зерттеудің **2-этапы**—мәлімет жинау.

Бұл –тіркеу процессі, заңды және арнайы өңделген құжаттарды толтыру (талондар, анкеталар, карталар) Материалды жинауды алдын ала құрылған бағдарламаға және зерттеу жоспарына сай жүргізеді. Материал жинауды бірнеше әдістер көмегімен жүргізеді:

*Анамнездік әдіс*- науқастан және оның жақындарынан алған мәліметтерді тіркеу. Оған кіреді:

а) анкеталық әдіс- әрбір тексерілуші өзі жайлы мәлімет тотырды қарастырады. Бұл әдіс науқастың жеке өмірін әрқырынан білу қажет болған жағдайда қолданылады. Анкета(сауалнама) міндетті түрде, жасырын өткізілуі керек.

б) сұрастыру әдісі (интервью алу)- тексеріліп жатқан науқас пен тексеру өткізіп жатқан медициналық қызметкердің сөйлесуі арқылы іске асады. Осы әдісті қолдану үшін міндетті түрде маңызды шарт- сұрастырылып жатқан адамның сенімділігі қажет. Тек сол кезде ғана медициналық көмек жайында, ауру себептері жайында құнды мағлұматтар алуға болады.

*Міндетті бақылау әдісі.* Міндетті қараудағы мағлұматтарды тіркеуді қарастырады немесе сау адамның, сонымен қатар бір объектті санитарлы-гигиеналық қарауды қарастырады. Міндетті бақылауға жасалған сынақ жазбалары, анализдер және т.б жатады.

❖ **3 ЭТАП** статистикалық зерттеу –Мәліметті өңдеу және талдау жасау  
Зерттеушінің келесі жасайтын әрекеттерінен тұрады:

1. Бақылау – жинақталған ақпараттың түзетілуін, толықтырылуын және зерттеуден алып тасталуы тіркеу құжаттарын іріктеу мақсатында жасалады.Мысалы, сауалнамада жынысы,жасы немесе кейбір сұрақтарға жауап толық алынбайды.

Бұл жағдайда қосымша мәліметтер қажет, мысалы міндетті құжаттар (амбулаторлық карта, ауру тарихы және т.б.).Егер бұл міндетті құжаттар зерттеушінің немесе адамның өзінің берген қосымша тіркеу құжаттарында болмаса онда сапасыз карталар (сауалнамалар) зерттеуден алынып тасталуы қажет.

2. Ақпараттың топтастырылуы – жинақталған ақпараттың атрибутивті және/немесе сандық көрсеткіші бойынша жіктелуі(типологиялық немесе врияциялық).Мысалы: студенттерді оқу курстары бойынша жіктеу: I курс, II курс, III курс, IV курс, V курс, VI курс.

3.Шифрлау – көрсеткіштерді ерекшелендіретін шартты мәндерді қолдану. Қолмен өңдеу кезінде шифрлау сандық және әріптік болады; машинамен өңдеуде тек қана – сандық. Мысалы, сандық шифрлау: Жынысы: еркек. Е; әйел. Ә.

Сандық шифрлау:

Жастық топтастыру	Шифр
20 жасқа дейін және қоса	1
21-30	2

4. Ақпараттар жиынтығы – кестедегі сандық деректерді алғаннан кейінгі енгізу.

5. Статистикалық көрсеткіштерді тіркеу және ақпаратты статистикалық өңдеу.

❖ **4 ЭТАП** – деректердің сараптамасы, қортынды, ұсыныстар. Статистикалық зерттеудің төртінші этабы көрсеткіштердің графикалық суреттерінен және кестелік жиынтықтардан абсолютті сандарға сүйене отырып өндірістің көлемін анықтайды.


Жағдайлар қатарында статистикалық анализге абсолютті аумақтар жатуы мүмкін. Ақпарат деректері нәтижесі сандық және сапалық анализге тиісті, олардың сенімділігін бағалайды, қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайды

### Статистикалық деректердің графикалық кескіні.

Жоспар орындалуын бақылауда, құбылыстар арасындағы әрекеттестікті зерттеуде уақыттық, кеңістіктік, құбылыстың құрылымын және құрылымдық жылжуларды қолданады. Құрылымдық әдісі бойынша графиктер диаграмма, картограмма және картодиаграмма болып бөлінеді:

- Диаграмма- бұл геометриялық фигуралар, нүкте сызықтары көмегімен статистикалық деректердің бейнесі(кескіні).
- Картограмма-бұл қандайда бір статистикалық көрсеткіштерді әртүрлі бояу, штрихтау жолымен кеңістіктік таралуды графикалық түрде сипаттайтын географиялық карта (мысалы әртүрлі аймақтардағы халық тығыздығы).
- Картодиаграмма-бұл схемалық географиялық картаның диаграммамен бірігуін көрсетеді. Бұл сәйкестіктің мәні, диаграммада қолданылатын фигуралар, өздері сипаттайтын картада сәйкес аймақтарға шашылып орналасатын бірлестік(бірігу). Картограммада диаграмма фигуралары бір немесе бірнеше белгілермен статистикалық түрде берілген территорияны сипаттайды.


Графиктердің таралаған түріне диаграммалар жатады, олар сызықтық, бағандық, құрылымдық, фигуралық, Варзар белгілері және т.б бөлінеді.



Сызықтық диаграммалар- статистикалық деректерді анық көрсететін ең қарапайым әдіс және ол зерттеліп жатқан көріністерді сынған сызық бөліктері етіп көрсетіп, статистикалық қисық деп аталады. Уақыттағы, кеңістіктегі, сонымен қатар болмыстар арасындағы қатынастарды


суреттейтін әртүрлі болмыстардың дамуын салыстыру және сипаттауға қолданылады.

Бір графикте бірнеше болмыстың заңдылықтары суреттелу мүмкіндігі болуы сызықтық графиктің артықшылығы болып табылады.




Әртүрлі аумақтарды өзара салыстыруда және динамиканы суреттеуде бағаналық диаграммалар қолданылады. Олардың құралуы үшін тікүшбұрышты координат жүйесі қолданылады. Уақыт кезеңін көрсететін, бір өлшемдегі бағаналардың құралуы абсцисс осінде орналасады, ал бағаналар биіктігі зерттелетін көрсеткіш аумағына сәйкес келеді.

Радиальды диаграмма сызықтық диаграмманың жеке түрі болып, полярлы координаталарда құрылады. Радиальды диаграмма түйік циклдағы көрініс динамикасын құру кезінде қолданылады (тәулік, апта, ай, жыл).



Құрылымдық диаграммалар суреттік құрылымдық көрсеткіштермен және құрылымдық жылжытуларға тән. Мұндай графиктер құру барысында құрылымның үлкендігі пайыздық мөлшерде есептеліп, зерттеледі. Олар екі түрлі болады: бағанаішілік және домалақ (секторлық). Бағананың жалпы

ұзындығы және домалақтың аумағы толық көрсетіліп және 100% ретінде қабылданады. Домалақ диаграмма құру барысында пайызды градусқа өзгертіп, әр пайыз  $3,6^\circ$  ( $360 : 100$ ) тең екенін білу қажет.



Кескінді диаграммалар (кескіндер диаграммасы — белгілер) — зерттеу объектісінің өлшемін оның аумағының мөлшерімен бірге сәйкестендіріп жасайды. Суреттер, кескіндер бір — бірінен мөлшерімен немесе статистикалық

көрсеткіштер суреттерде белгілі мөлшердегі көлеммен және кескін түрімен ажыратылады.

### **Вариациялық қатар. Вариациялық қатарды құру.**

Вариациялық қатар – белгінің өзгеруіне қарай орналастырылған сан арқылы берілетін өрнек. Сандық вариацияның екі түрі бар: үзілмелі (дискретті) және үзіліссіз.

**Үзілісті (дискретті) белгі** тек бүтін санмен белгіленеді және ешқандай кезеңдік мағынада болмайды (мысалы, қаралулар саны, учаскедегі тұрғындар саны, пульс жиілігі, жанұядағы бала саны).

**Үзіліссіз белгі** варианттар көбінесе аралас сандар болып келеді (мысалы, дене салмағы, бой ұзындығы, АҚ, уақыт).

**Варианта (V)** – вариациялық қатардағы әрбір жеке белгінің сандық мағынасы. Егер варианттар өсу немесе кему ретімен орналасса ранжирлі вариациялық қатарды құрайды.

Аз санды вариантты бақылауда ранжирлеу өте қарапайым болып табылады. Вариациялық қатарда әрбір вариант бір рет қана кездессе (варианта жиілігі бірге тең), онда ол **қарапайым вариациялық қатар** деп аталады.

Күрделі сандарды бақылау кезінде жеке варианттардың қайталануы кездеседі. Мұндай жағдайда, вариациялық қатарды құру кезінде варианттың барлық мәнін ранжирлеп жазу керек, содан кейін әрбір варианттың қайталанған сандарын санап және оларды сәйкес мағыналы варианттың жанына жазу керек.

Әрбір вариантты неше рет кездесетіндігі көрсетілетін вариациялық қатарды **топтастырылған вариациялық қатар** деп атаймыз.

**Топтастырылған вариациялық қатардың басты құрамдық элементтері:**

V — варианттар — вариацияланатын белгінің сандық мағынасы;  
r — жиілігі — әрбір варианттың қайталану саны;  
n — бақылаудың жалпы саны (n жиілік суммасына тең, яғни  $n = \sum r$ , мұндағы  $\Sigma$  (эпсилон) сумма белгісі)

Варианттың жиындықтық сипаттамаларына орташа арифметикалық өлшем  $M$ , мода  $M_0$  және медиана  $Me$  жатады.

**Мода ( $M_0$ )** Берілген вариациялық қатардың ең жиі кездесетін вариантасын мода деп атайды.

$$M_0 = x_0 + n \frac{f_m - f_{m-1}}{(f_m - f_{m-1}) + (f_m - f_{m+1})},$$

мұндағы:

- $M_0$  — моданың белгісі
- $x_0$  — модальді интервалдың төменгі шегі
- $h$  — интервал өлшемі

- $f_m$  — модальді интервалдің жиілігі
- $f_{m-1}$  — алдындағы модальді интервалдың жиілігі
- $f_{m+1}$  — келесі модальді интервал жиілігі

**Медиана  $M_e$**  — жиынтықты тең етіп екіге бөлетін белгі мәнін айтамыз.

$$M_e = x_0 + h \frac{\frac{\sum f_i - S_{m-1}}{2}}{f_m},$$

мұндағы:

- $M_e$  — ізделетін медиана
- $x_0$  — медиананы құрайтын интервалдың төменгі шегі
- $h$  — интервал өлшемі
- $\sum f_i$  — жиілік суммасы
- $S_{m-1}$  — жиылған интервал жиілігінің суммасы, алдыңғы медиананың
- $f_m$  — медиана интервалының жиілігі

**Мысалы.** Мода және медиананы табу.

1-кесте

Жастық топтар	Студенттер саны (жиілігі)	Жиылған жиілік суммасы $\Sigma S$
20 жас дейінгі	346	346
20 — 25	872	1218
25 — 30	1054	2272
30 — 35	781	3053
35 — 40	212	3265
40 — 45	121	3386
45 жас және жоғары	76	3462
<b>Барлығы</b>	<b>3462</b>	

**Шешуі:**

Берілген мысалда модальді интервал шамамен 25-30 жас жастық тобында тұр, сондықтан осы интервалда ең жоғары жиілік (1054).

Моданың өлшемін есептейміз:

$$M_0 = x_0 + h \frac{f_m - f_{m-1}}{(f_m - f_{m-1}) + (f_m - f_{m+1})} = 25 + 5 \frac{1054 - 872}{(1054 - 872) + (1054 - 781)} = 27 \text{ лет.}$$

Студенттердің модальді жасы 27 жасқа тең.

Медиананы есептейміз. Медианалық интервал 25-30 жас жастық тобында орналасқан, осы интервалда құрамды теңдей екіге бөлетін варианта орналасқан ( $\sum f_i / 2 = 3462 / 2 = 1731$ ).

$$M_s = x_0 + h \frac{\frac{\sum f_i}{2} - S_{m-1}}{f_m} = 25 + 5 \frac{\frac{3462}{2} - 1218}{1054} = 27,4 \text{ года.}$$

Бұл студенттердің жартысы 27,4 жас, ал қалғаны 27,4 жоғары жаста екендігін көрсетеді.

Вариантаның барлық белгілерін жалпылай сипаттайтын ол, **орташа арифметикалық өлшем** болып табылады. Вариациялық қатарды талдау кезінде орташа квадраттық ауытқуды және репрезентативтілік қатесін есептейді, сонымен қатар вариациялық қатарды бағалау параметрлері болып табылады.

### Вариациялық қатарды құру

Берілген мысал арқылы вариациялық қатарды құруды талдаймыз.

*Мысалы.* 50 спортшының дене салмағын өлшеуде келесі белгілер алынды (кг):

58	50	53	53	50	61	58	58	57	52
49	51	63	55	50	57	66	46	60	53
58	53	50	54	50	51	67	47	52	47
47	54	59	54	53	57	52	50	46	56
42	55	52	57	54	56	50	59	49	54

Вариациялық қатарды құру үшін мыналар керек:

1. Тіркелген мәліметтерден максимальді (max) және минимальді (min) белгілерді табу керек.

Максимальді және минимальді белгілердің айырымы (варианта) – бұл белгінің өзгергіштік алымы ( $lim = max - min$ ).

2. Топтастыруды жүргізу үшін класстардың оптимальді санын (k) таңдау керек.



Бақылау саны	Класстар саны
40–60	6–10
61–100	7–10
101–200	9–12
201–500	12–17

Біздің мысалымызда өлшеу саны 50ге тең. Сондықтан класстар саны 6–10 шамасында болуы керек. Бұл шамадағы класстар санын таңдау былай жүргізіледі, яғни классаралық өлшемдер санауға ыңғайлы болғаны дұрыс,

$$i = \frac{\lim}{k} = \frac{\max - \min}{k}$$

мүмкіндігінше 5 немесе 0 санына аяқталғаны дұрыс.

3. Таңдалған класс санына және белгінің өзгергіштік алымы негізінде классаралық өлшемді белгілеу керек (интервал) (i), яғни бір класстың басқа класстан айырмашылығы болатындай өлшемді:

$$i = \frac{\lim}{k} = \frac{25}{8} \approx 3$$

$$\max = 67; \quad \min = 42; \quad \lim = 25; \quad k = 8 \text{ (класс саны} = 8)$$

Бірінші класстың бастамасы болып әдетте вариантаның минимальді белгісі болады, соңы болып бірінші класстың бастапқы белгісінің классаралық (i) белгігі көбейтіндісіне тең өлшем болып табылады. Соңғы класстың соңы вариантаның максимальді белгісімен аяқталады. Алдыңғы соңғы және келесі бастапқы класстар бір біріне сәйкес келмеуі керек. Белгінің өлшеміне байланысты олар бір бірінен толық санға немесе ондық немесе жүздік бөлікке айырмашылығы болуы керек. 1 кестеде біздің мысалымыздағы класстар шегі көрсетілген.

### **Белгінің орташа мәні**

Талдау кезінде алынған белгілер әрбір жеке құрам бірлігін сипаттайды. Ең біріншіден бізді жалпы құрамды құрылым қызықтырады. Оларды белгілеу үшін белгілерді статистикалық талдайды. Статистикалық талдаудағы бақылау негізгі міндеті – берілген құрамның жалпы түрдегі құрамымен сипатталатын көрсеткіштердің қатарын табу.

Мұндай көрсеткіштердің бірі белгілердің орташа мәнін сипаттайтын орташа арифметикалық болып табылады.

## Орташа арифметикалық

Орташа арифметикалық вариациялық қатардың тепе теңдік нүктесі секілді, өсу немесе кему белгілері өзара теңеседі. Орташа арифметикалық өлшемді есептеудің қарапайым әдісі, бұл қарапайым суммиру, яғни таңдама варианты суммасын табу және оны таңдама көлеміне бөлу. Орташа арифметикалықты  $X_{cp}$  немесе  $M$  белгілейміз.

$$X_{io} = \frac{X_1 + X_2 + X_3 + \dots + X_n}{n} = \frac{\sum X}{n},$$

мұндағы  $X$  – вариацияланатын белгінің өлшемі;  
 $n$  – таңдама көлемі;  $\Sigma$  – суммарлау белгісі

Орташа арифметикалықты үлкен таңдаулар үшін жанама әдіспен мына формула арқылы есептеген ыңғайлы:

$$X_{io} = A + \frac{\sum pa}{n} \cdot i,$$

мұндағы  $A$  – нольдік класстың шартты орташа белгісі;  
 $p$  – жиілігі;  
 $a$  – шартты ауытқу;  
 $n$  – таңдау көлемі;  
 $i$  – классаралық өлшем.

**Тапсырма.** 2-кестедегі Вариациялық қатарды пайдалана отырып, жанама әдіспен орташа арифметикалықты есептеу үшін 3 кестені құру.

### 2-кесте Дене салмағы бойынша вариантаны орналастыру

Класстаршегі ( $W_6 - W_c$ )	жиілігі ( $p$ )
42 – 45	1
46 – 48	5
49 – 51	12
52 – 54	14
55 – 57	8
58 – 60	6
61 – 63	2
64 – 67	2

$$\Sigma p = n = 50$$

3-кесте Шартты ауытқу әдісімен орташа арифметикалықты есептеу үшін жұмыс кестесі

Кл асс №	Класста р шегі ( $W_6 - W_c$ )	Жиі лігі (р)	Шартты ауытқу (а)	Шартты ауытқудың жиілікке өңделуі (ра)
1	42 – 45	1	-3	-3
2	46 – 48	5	-2	-10
3	49 – 51	12	-1	-12
4	52 – 54	14	0	0
5	55 – 57	8	1	8
6	58 – 60	6	2	12
7	61 – 63	2	3	6
8	64 – 67	2	4	8

$$\Sigma p = n = 50$$

$$\Sigma pa = 9$$

Орташа арифметикалықты есептеу үшін мыналар қажет:

1. Құрылған вариациялық қатардан шартты орташа классты табу керек. Шартты орташа класс ретінде берілген вариациялық қатардағы ортаңғы орындағы және басқа класстармен салыстырғанда үлкенірек вариантаны тандаған жөн. Біздің мысалымызда шартты орташа класс төртінші класс ( $p = 14$ ) және дене салмағымен шамамен 52 – 54 кг вариацияланады.

2. Шартты орташа классты сызықпен белгілеу және ноль деп қабылдау.

3. Нольдік класстың шартты орташа мәнін есептеу. Оны Аәріпімен белгілейді.

$$A = \frac{52 + 54}{2} = \frac{106}{2} = 53$$

Біздің мысалымызда:

4. Басқа класстардың реттік номерінен нольдік класстың реттік номерін есептеу әдісімен әрбір класстың шартты ауытқуын (**a**) анықтау. Шартты ноль ретінде қабылданған класстан жоғары теріс сандар қатарын аламыз, (-1, -2, -3 және т.б.), төмен – оң сандар қатары (+1, +2, +3 және т.б. класқа байланысты).

5. Әрбір класс үшін жиіліктің шартты ауытқуға өңделуін(**pa**) табу және кестені толтыру.

6. Жиілік суммасын табу ( $\Sigma p = n = 50$ ).

7. Жиіліктің шартты ауытқуға өңделуі суммасын есептеу. Ол:

$\Sigma pa = -25 + 34 = 9$  тең болады.

Орташа арифметикалықты формула арқылы есептеу:

$$X_{io} = A + \frac{\sum pa}{n} \cdot i,$$

мұндағы  $A$  – нольдік класстың шартты орташа мәні;

$i$  – классаралықтың өлшемі.

$$X_{io} = 53 + \frac{9}{50} \cdot 3 = 53,5$$

Орташадене салмағы 53,5 кг тең.

**Динамикалыққатар** – статистикалық көрсеткіштердің, яғни құбылыстардың, процестердің уақытқа қарай өзгеруін сипаттайтын сандық мәндер тізбегін айтады.

Динамикалық қатар түрлері:

1. Абсолютті шамалардың қатарлары;

2. қатысты шамалардың қатарлары;

3. мезеттік қатарда қатардың деңгейі құбылысты белгілі бір уақыт мезгіліне байланысты сипаттайды (мысалы, жылдар бойынша дифтерияның жағдай саны);

4. интервалді қатарда қатардың деңгейі құбылысты белгілі бір уақыт аралығына байланысты сипаттайды (мысалы, жылдар бойынша аурушаңдықты тоқсанға немесе айға бөлу).

Динамикалық қатар көрсеткіштері:

1. **абсолюттіөсім** – салыстырылып отырған көрсеткіш деңгейлерінің айырмасы;

2. **өсім қарқыны**–абсолютті өсімнің салыстырылатын деңгейге қатынасы;

3. **өсу қарқыны** – екі уақыт көрсеткіштерінің қатынасы;

4. **1% өсімнің абсолюттік мәні** – абсолютті өсімнің өсім қарқынына қатынасы.

**Мысалы:** Ноблысындағы терапевтикалық мамандандырылған аурухананың төсекпен қамтылу динамикасын бақылау (10 000 тұрғынға).

4- кесте Динамикалыққатар көрсеткіштерін есептеу матрицасы

Жылдар	Терапевтикалық төсек саны (10000 тұрғын)	Абсолютті өсім	Өсім қарқыны (%)	Өсу қарқыны (%)	1% өсімнің абсолюттік мәні
2009	30,8	—	—	—	—
2010	30,0	-0,8	-2,6	97,4	0,30
2011	28,5	-1,5	-5,0	95,0	0,30
2012	27,0	-1,5	-5,3	94,7	0,28
2013	26,9	-0,1	-0,4	99,6	0,25
		$\Sigma=-3,9$			

**ДИНАМИКАЛЫҚ ҚАТАР КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ МЫСАЛЫ:**

**1. Абсолютті өсімді есептеу:**

$$2010 \text{ ж. } 30,0 - 30,8 = -0,8$$

$$2011 \text{ ж. } 28,5 - 30,0 = -1,5$$

$$2012 \text{ ж. } 27,0 - 28,5 = -1,5$$

$$2013 \text{ ж. } 26,9 - 27,0 = -0,1$$

**2. Өсім қарқынын есептеу:**

$$2010 \text{ ж. } \frac{-0,8 * 100\%}{30,8} = -2,6\%$$

$$2011 \text{ ж. } \frac{-1,5 * 100\%}{30,0} = -5,0\%$$

$$2012 \text{ ж. } \frac{-1,5 * 100\%}{28,5} = -5,3\%$$

$$2013 \text{ ж. } \frac{-0,1 * 100\%}{27,0} = -0,4\%$$

**3. Өсу қарқынын есептеу:**

$$2010 \text{ ж. } \frac{30,0 * 100\%}{30,8} = 97,4\%$$

$$2011 \text{ ж. } \frac{28,5 * 100\%}{30,0} = 95,0\%$$

$$2012 \text{ ж. } \frac{27,0 * 100\%}{28,5} = 94,7\%$$

$$2013 \text{ ж. } \frac{26,9 * 100\%}{27,0} = 99,6\%$$

**4. 1% өсімнің абсолюттік мәнін есептеу:**

$$2010 \text{ ж. } \frac{-0,8}{-0,26} = 0,30$$

$$2011 \text{ ж. } \frac{-1,5}{-5,0} = 0,30$$

$$2012 \text{ ж. } \frac{-1,5}{-5,3} = 0,28$$

$$2013 \text{ ж. } \frac{-0,1}{-0,4} = 0,25$$

**Қорытынды:** Ноблысындағы терапевтикалық мамандандырылған аурухананың төсекпен қамтылу көрсеткіші 2009 жылдан 2013

жыларалығында төмендеу тұрақты тенденцияда. 5 жылдотерапевтикалық мамандандырылған аурухананың төсекпен қамтылуының абсолютті төмендеуі 10000 тұрғынға 3,9 төсек. 2011 және 2012 жылдары көрсеткіштер иньенсиивті төмендеген.

### **Көрсеткіштерді стандарттау.**

Дәрігерлер мен ғалымдарға сапасы жағынан әртүрлі топтардан алынған статистикалық көрсеткіштердің салыстыруға тура келетін жағдайлар жиі кездеседі. Бұл жағдайда стандарттау әдісін қолданып, топтардың айырмашылықтарын жояды.

**Стандартизация** — бұл талаптар, нормалар, ережелер, мінездемелердің өңдеуді және анықтауына қолайлы бағаға тиісті сапасының тауарларының алуына тұтынушының қамтамасыз ететін құқығы, сонымен бірге еңбектің қауіпсіздік құқығы және жайлылық кеңес берілетін орындаулар үшін сөзсіз бағытталған қызмет.

**Стандарттау тәсілі**- шарттық (стандартталған) көрсеткіштерді есептеу тәсілі себебі екі статистикалық жиынтықтың құрдымы бірыңғай болмағандықтан олардың жалпы қарқынды көрсеткіштерін немесе орта шамаларын салыстыру қиынға соғады.

Стандартталған көрсеткіштерді есептеудің үш әдісі бар.

1. тікелей

2. жанама

3. қайтымды

Медициналық зерттеулер кезінде стандарттаудың тікелей әдісі қолданылады, ол үш кезеңнен тұрады.

1. топтық көрсеткіштерді есептеу, зерттеуге байланысты ол сырқаттанушылық, травматизм, өлімшілік болуы мүмкін.

2. стандартты есептеу. стандарттық масштабқа негіз алынады, бірінші кезеңде есептелген көрсеткіштер алынады.

3. стандартталған көрсеткіштерді есептеу.

**5-кесте Мысал ретінде 2 цехтағы жасына байланысты УЕЖ сырқаттанушылықты стандарттау әдісін қолдана отырып талдау.**

	1 цех	2 цех
--	-------	-------

жасы	Жұмысшылар саны	Сырқаттану жағдайының саны	100 жұмысшыға сырқаттану жағдайының саны	Жұмысшылар саны	Сырқаттану жағдайының саны	100 жұмысшыға сырқаттану жағдайының саны
20 дейін	120	80	67,0	200	140	70,0
20-39	380	400	105,3	500	575	115,0
40-59	400	680	170,0	80	132	165,0
60 жоғары	100	185	185,0	20	34	170,0
барлығы	1000	1345	134,5	800	881	110,0

2 цехтағы жасына байланысты УЕЖ сырқаттанушылықты әдетті әдіспен әр топқа сәйкес жеке қарқынды көрсеткіштерді есептейді.

$$\frac{\text{жағдай} * 100}{\text{орта}}$$

1 цех үшін =134,5

2 цех үшін = 110,0

Айтарлықтай айырмашылық екі цехтегі жұмысшылардың жасының әртүрлілігімен байланысты, қорытынды шешім стандартталған көрсетіштерді есептегеннен кейін анық болады.

**Ікезеңде** топтық жасы бойынша сырқаттанушылық көрсеткішін анықтау, қарқынды көрсеткіштерді есептеу тәсілімен жүреді. Соған сәйкес, 20 жасқа дейінгі жұмысшылардың сырқаттанушылық көрсеткіші 67,0 тең.

Әр цехтегі жұмысшылардың жасына сәйкес жеке жеке есептейміз, 5-кестеде жазылған.

Есептелген көрсеткіштерде жұмысшылардың жасы ұлғайған сайын сырқаттану деңгейінің өсетінін көруге болады. Бірақ жасы бойынша сырқаттану деңгейін анықтау екі цехтің деңгейін салыстыруға мүмкіндік бермегендіктен көрсеткіштерді стандарттауды жалғастырамыз.

6-кесте 2 кезең стандартты есептеу. Әр топтағы жастардың қосындысын стандарт деп аламыз.

жасы	Жұмысшылар саны		Екі цехтағы жұмысшылар саны	Стандарт екі цехтағы жұмысшылардың жасы бойынша құрамы
	1 цех	2 цех		
20 дейін	120	200	320	18
20-39	380	500	880	49
40-59	400	80	480	26
60 жоғары	200	20	120	7
барлығы	1000	800	1800	100

Стандартты үлестік көрсеткішті есептеу әдісі бойынша шығарамыз. жалпы құбылыстың екі цехтегі жұмысшылар, ал құбылыс бөлшегі жұмысшылардың жастық құрылымы екендігін біле отырып есептеуге болады.

**3 кезеңде** стандартталған көрсеткіштерді анықтаймыз.

Шартты түрде екі цехтағы жасты стандартқа сай деп алып ,болжамды ауру санын шартты түрде жұмысшыларды жасы бойынша бөліп есептейміз.

7-кесте

	100 жұмысшыға шаққандағы сырқаттанушылық		стандарт	Стандарттағы сырқаттану жағдайы	
20 дейін	67,0	70,0	18	12,0	12,6
20-39	105,3	115,3	49	51,6	56,3
40-59	170,0	165,0	26	44,2	42,9
60 және жоғары	185,0	170,0	7	12,9	11,9
барлығы	134,5	110,0	100	120,7	123,7

2 және 3 бағанда 1 кезеңде есептелген сырқаттанушылық көрсеткіштері есептелген.4 бағанда стандарт екінші кезеңде есептеген енгізілген.5 және 6 бағанға стандартталған көрсеткіштерді енгіземіз.

Қорытынды бойынша егер 2 цехтегі жұмысшылардың жасы бірдей болғанда 2 цехтегі сырқаттанушылық көрсеткіші жоғары болар еді.Осыған сәйкес , 1 цехтегі сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі ондағы жұмысшылардың жасының әртүрлілігіне байланысты.



### **Корреляциялық байланыс.**

Медицинаның түрлі саласында құбылыстардың немесе белгілердің бір-бірімен байланысын статистикалық талдаудан өткізуге тура келеді. Көріністер мен белгілердің арасында екі түрлі байланыс болады функционалдық және корреляциялық.

Медицина мен биологияда құбылыстар арасында корреляциялық байланыс болады. Ол тек көріністерді салыстырғанда анықталады және көріністерді зерттегенде ол көрініс бермеуі мүмкін. Мысал ретінде, бой мен салмақтың арасындағы байланыс, дене температурасы мен пульс жиілігінің, дифтерия мен профилактикамен қамтамасыз етілудің арасындағы байланыс.

Түріне байланысты тіке (оң, құбылыстың өсуі немесе кемуіне сәйкес келесі құбылыс өседі немесе кемиді) және кері (теріс, бір құбылыстың өсуі кезінде екінші құбылыс кемиді немесе керісінше) деп бөлеміз. Мықтылығы жағынан – күшті, орта және нашар болуы мүмкін. Сонымен қатар, байланыстың болмауы немесе толық болуы мүмкін.

Құбылыстар арасындағы байланысты бір санмен түрі мен мықтылығын көрсететін өлшем корреляциялық коэффициент деп аталады. Корреляциялық коэффициенттің құбылу аралығы 0 ден +1 ге дейін.

8-кесте

Корреляциялық байланыстың түрі	Корреляция коэффициентінің мықтылығы	
	Тікелей (+)	Кері (-)
Байланыс жоқ	0	0
нашар	0 ден 0,3	0 ден -0,3
орта	0,3тен 0,7	-0,3 тен -0,7
күшті	0,7 ден 1	-0,7 ден 1

Корреляциялық коэффициентті есептеуге қойылатын талаптар.

1. Сапасы жағынын біркелкі жиынтық арасында мықтылығын анықтауға болады. мысалы ,бой мен салмақ арасындағы жиынтық, жасы мен жынысы бойынша біркелкі.

2. Есептеу тек абсолютті емес және қатысты мен орта шамалар арасында жүргізіледі.

3. Корреляциялық коэффициентті есептеу үшін топталмаған берілгендер қажет.

4. Бақылау саны 30 дан кем болуы керек.

Корреляциялық коэффициентті есептеу үшін екі тәсіл қолданады.

1. Квадраттау тәсілі (Пирсон). Белгілердің сандық сипаты болғанда нақты түрі мен мықтылығын анықтауда қолданылады.
2. Дәрежеліу әдісі (Спирмен) ,байланыстың түрі мен мықтылығын анықтауға шамамен белгілі көрсеткіштер алынғанда қолданылады.

Дәрежеліу әдісі (Спирмен) негізгі принципін реттік номерлерін қою жатады.

Мысалы грипп пен пневмония арасындағы корреляциялық байланысты дәрежеліу әдісімен анықтау.

9-кесте

1000 тұрғынға шаққандағы гриппен сырқаттанушылық	1000 тұрғынға шаққандағы пневмониямен сырқаттанушылық	Сырқаттану деңгейі бойынша дәрежеліу номері		Дәрежеліу арасындағы айырмашылық (d)	Дәрежеліудің квадраттар арасындағы айырмашылық (d <sup>2</sup> )
		грипп	пневмония		
352	64	1	1	0	0
228	60	6	2	4	16
340	52	2	3	1	1
300	48	3	4	1	1
196	46	7	5	2	4
258	41	4	6	2	4
237	32	5	7	2	4
					Σ d <sup>2</sup> =30

1 және 2 бағанда 7 облыс бойынша грипп пен пневмонияның мәліметтері енгізілген. 3 және 4 бағанда грипптің дәрежелік номері мен пневмонияның

дәрежелік номері белгіленеді. кезекті номері кему бойынша қойылған. Грипптің ең жоғарысы-352 сәйкесінше 1ші реттік номер, келесі 340 сәйкесінше 2ші реттік номер, кейінгілері сәйкесінше 300-3, 258-4, 237-5, 228-6, 196-7. Пневмониямен сырқаттанушылықты белгілейміз 64-1, 60-2, 52-3, 48-4, 46-5, 41-6, 32-7.

5 бағанда екі қатардың белгіленген реттік номердің айырмашылығы көрсетілген. Бірінші қатарда  $1-1=0$ , екінші қатар үшін  $6-2=4$ . Кейін оса айырмашылықты квадраттап 6 бағанға енгіземіз, кейін суммасын шығарамыз ( $\sum d^2=30$ ).

### Дәрежелік корреляция коэффициентін есептеу формуласы

$$r = 1 - \frac{6\sum d^2}{n(n^2-1)}$$

$r$ - корреляция коэффициенті

$d$ - дәреженің айырмашылығының ауытқуы

$d^2$ -дәреженің айырмашылығының ауытқуының квадраты

$n$ - тұрақты

$\sum$ -қосынды

Біздің мысалымызда грипп пен пневмония арасында тікелей корреляциялық байланыс бар.

Дәрежелік корреляция коэффициентінің шынайылығын анықтау оның орта қатесін анықтаумен жүреді, формуласы

$$m = \frac{1-r^2}{n-1}$$

Корреляция коэффициенті шынайы болып есептеледі, егерде ол қатесінен 3 және одан да жоғары болса

$$t = \frac{r}{m} > 3$$

біздің мысалымыз үшін  $m = 0,28$

Бұл жағдайда корреляция коэффициентінің шынайылығы айтарлықтай жоғары емес.

**Учреждение УНПК «Казахстанский медицинский институт повышения  
квалификации «Парасат»**

**Карп Л.Л., Потапчук Т.Б., Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А., Садиева Г.Д.**

# **ОСНОВЫ МЕДИЦИНСКОЙ СТАТИСТИКИ**

Учебное пособие

г.Астана 2014 г.

УДК 614.2:311 (075.8)

ББК 51.1:60.6 я 73

О 75

РЕЦЕНЗЕНТЫ:

**В.Р.Чудиновских** - зав.кафедрой информатики и математики АО МУА,  
доцент

**Р.З.Магзумова**– доцент кафедры общественного здравоохранения №2 АО  
МУА, кандидат медицинских наук, ассоциированный профессор

Карп Л.Л., Потапчук Т.Б., Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А., Садиева Г.Д.  
– учебное пособие – г.Астана.-2014. 58с.

В учебном пособии освещены основные разделы медицинской статистики.

Учебное пособие предназначено для среднего медицинского персонала системы здравоохранения, а также курсантов, повышающих свою квалификацию по специальности общественное здравоохранение.

УДК 614.2:311 (075.8)

ББК 51.1:60.6 я 73

О 75

Утверждено и разрешено к печати на заседании ученого совета УНПК «КМИ  
ПК «Парасат» протокол заседания № 1 от 07.10.2014 г.

© Карп Л.Л., Потапчук Т.Б., Балданбаева Д.А., Карпикбаева Ж.А., Садиева  
Г.Д., 2014

© Учреждение УНПК «Казахстанский медицинский институт повышения  
квалификации «Парасат», 2014

## ОГЛАВЛЕНИЕ:

Введение в статистику .....	3
Абсолютные и относительные показатели .....	5
Организация и этапы статистического исследования.....	8
Графические изображения статистических данных.....	12
Вариационный ряд и его элементы.....	14
Динамические ряды. Составление динамических рядов.....	19
Метод стандартизации.....	23
Метод корреляции.....	27
Список использованной литературы.....	31

## ОСНОВЫ МЕДИЦИНСКОЙ СТАТИСТИКИ

**Введение в статистику: предмет и метод статистики.** Слово статистика имеет латинское происхождение: от лат. status — "состояние", что означало политическое состояние государства. В науку термин статистика ввел в 1746г. Готфрид Ахенваль, который преподавал курс государственоведения в Германии, изменив его название на "СТАТИСТИКА".

В настоящее время данный термин употребляется в 4 значениях:

- Наука, изучающая количественную и качественную сторону массовых общественных явлений и процессов, исследует количественное выражение закономерностей их развития в конкретных условиях места и времени, учебный предмет в ВУЗах;
- Цифры, характеризующие массовые общественные явления и процессы;
- Деятельность по сбору, обработке, анализу и публикации цифровых данных о самых различных явлениях и процессах общественной жизни;
- Параметры рядов случайных величин, рассчитываемые по результатам наблюдений и применяющиеся для проверки различных гипотез преимущественно в математической статистике.

Совокупность приемов, пользуясь которыми статистика исследует свой предмет, составляет метод статистики. Можно выделить 3 группы статистических методов:

- Статистическое наблюдение — это сбор всех существенных фактов об изучаемом явлении и научно организованная их регистрация;
- Сводка и группировка — это систематизация и классификация собранных статистических данных;
- Статистический анализ — это расчет статистических показателей, позволяющий описать изучаемое явление, выявить его динамику, структуру, взаимосвязь с другими явлениями, закономерности, сделать прогнозы на будущее.

Кроме методов, статистика использует 5 категорий (ключевых понятий):

**Статистическая совокупность** — это массовое общественное явление, которое необходимо исследовать;

**Единица статистической совокупности** — это составной элемент статистической совокупности, являющийся носителем изучаемых признаков;

**Признак единицы статистической совокупности** — свойства единицы совокупности, которые различаются способами их измерения и другими особенностями;

**Статистический показатель** – рассчитываемое статистикой значение, характеризующее количественные характеристики изучаемого явления;

**Система статистических показателей** – набор статистических показателей, отражающий взаимосвязи, существующие между явлениями.

Медицинская (санитарная) статистика - Изучает количественную сторону явлений и процессов, связанных с медициной, гигиеной и здравоохранением.

**Выделяют 3 раздела медицинской статистики:**

1. Статистика здоровья населения - изучает состояние здоровья населения в целом или его отдельных групп (путем сбора и статистического анализа данных о численности и составе населения, его воспроизводстве, о естественном движении, физическом развитии, распространенности различных заболеваний, продолжительности жизни и т.д.). Оценка показателей здоровья проводится в сопоставлении с общепринятыми оценочными уровнями и уровнями, полученными по различным регионам и в динамике.

2. Статистика здравоохранения - решает вопросы сбора, обработки и анализа информации о сети учреждений здравоохранения (их размещении, оснащении, деятельности) и кадрах (о численности врачей, среднего и младшего медицинского персонала, о распределении их по специальностям, стажу работы, о их переподготовке и т. д.). При анализе деятельности лечебно-профилактических учреждений осуществляется сопоставление полученных данных с нормативными уровнями, а также уровнями, полученными по другим регионам и в динамике.

3. Клиническая статистика - это использование статистических методов при обработке результатов клинических, экспериментальных и лабораторных исследований; она позволяет с количественной точки зрения оценить достоверность результатов исследования и решить ряд других задач (определение объема необходимого числа наблюдений при выборочном исследовании, сформировать экспериментальную и контрольную группы, изучить наличие корреляционных и регрессионных связей, устранить качественную неоднородность групп и т.д.).

**Задачами медицинской статистики являются:**

1) изучение состояния здоровья населения, анализ количественных характеристик общественного здоровья.

2) выявление связей между показателями здоровья и различными факторами природной и социальной среды, оценка влияния этих факторов на уровни здоровья населения.

3) изучение материально-технической базы здравоохранения.

4) анализ деятельности лечебно-профилактических учреждений.

5) оценка эффективности (медицинской, социальной, экономической) проводимых лечебных, профилактических, противоэпидемических мероприятий и здравоохранения в целом.



б) использование статистических методов при проведении клинических и экспериментальных медико-биологических исследований.

В медицине **статистика** - ведущий метод, т. к. он:

1) позволяет количественно измерить показатели здоровья населения и показатели деятельности медицинских учреждений

2) определяет силу влияния различных факторов на здоровье населения

3) определяет эффективность лечения и оздоровительных мероприятий

4) позволяет оценить динамику показателей здоровья и позволяет прогнозировать их

5) позволяет получить необходимые данные для разработки норм и нормативов здравоохранения.

**Статистический показатель** - одна из многих количественных характеристик статистической совокупности, численное выражение внутренней сущности изучаемого явления.

Статистические показатели можно классифицировать следующим образом:

- абсолютные;

- относительные;

- средние.

#### **Абсолютные и относительные показатели.**

